

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГҒАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Орман ресурстары және аңшылықтану» кафедрасы

**6B08301–«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»
білім беру бағдарламасының оқу,
өндірістік және диплом алды кәсіби практикасының**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2021

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Орман ресурстары және аңшылықтану» кафедрасы

6B08301–«Аңшылықтану және аң шаруашылығы»
білім беру бағдарламасының оқу,
өндірістік және диплом алды кәсіби практикасының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2021

Құрастырушылар:

Кентбаева Б.А., б.ғ.д., профессор,;

Байбатианов М.К., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Орман ресурстары және аншылықтану» кафедрасы.

Қыдыров Т.Н., а.ш.ғ.м., аға оқытушы а.ш.ғ.м.;

Әбдібек А.Е., ассистент (осы бағдарламаны құрастырған кезде кафедраның бұрынғы әзірлемелері ескерілді).

Рецензент: Есенбекова П., б.ғ.д., профессор, «Зоология» институтының бас ғылыми қызметкері.

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясында қаралып ұсынылды хаттама № 11, 16.06.2020 ж.

ОУМР тіркелді № 4781, 14.12. 2020 ж.

© «Айтұмар» баспасы, 2021

МАЗМҰНЫ

1. Білім алу мен тәжірибе жинаудың қолдану аясы.....	4
2. Анықтамалар мен қысқартулар.....	4
3. Жалпы ұйымдастыру сұрақтары.....	4
4. 1-курстағы пәндер бойынша оқу практикалары.....	5
5. 2-курстағы пәндер бойынша өндірістік практикалары.....	7
6. 3-курстағы пәндер бойынша өндірістік практикалары.....	9
7. 4-курста өтетін өндірістік және диплом алды практикалары.....	12
8. Диплом алды практикасы.....	14
9. Мониторинг.....	15
Қосымшалар.....	16
Әдебиеттер тізімі.....	24

1. БІЛІМ АЛУ МЕН ТӘЖІРІБЕ ЖИНАУДЫҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

- Аңшылық шаруашылығы мекемелері, меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтар;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың арнайы уәкілетті органдар;
- мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік табиғи қауымалар және басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сондай-ақ хайуанаттар парктары, әуежайлар;
- табиғи ресурстарды пайдалануды бақылайтын инспекциялық органдар;
- жобалау-зерттеу және ғылыми зерттеу институттар, тәжірибе станциялары.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді.

2.1 2018 жылғы 04 шілдедегі өзгерістермен және толықтырулармен ҚР Заңы;

2.2 "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 қаулысы;

2.3 ҚР МЖМБС 2018 жылғы 31 қазандағы №604 жоғары білім Негізгі ережелер;

2.4 ҚР МЖМБС 2018 жылғы 31 қазандағы №604 жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Негізгі ережелер;

2.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

3. ЖАЛПЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ СҰРАҚТАРЫ

Студенттер келесі практика түрлерінен өтеді: оқу, өндірістік және диплом алды.

Оқу практикасы

Оқу практикасының мақсаты – теоретикалық білімдерін нығайту. Оқу практикасын теоретикалық оқу кезінде немесе оны аяқтаған соң жүргізілуі мүмкін. Практиканы өткізу орны хайуанаттар паркінде, зоология ғылымы зерттеу институтында, зоологиялық мұражайларда, мемлекеттік ұлттық табиғи парктарда, мемлекеттік табиғи қорықтарда, әр түрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтарында, ботаникалық бақтарда,

ҚазҰАЗУ дендрологиялық БАҚ, Ботаника және фитоинтродукция институты, Алматы қаласының шағын саябақтары мен көшелері.

Өндірістік практика

Өндірістік практиканың мақсаты – білім беру бағдарлама бойынша пәндерден алған теоретикалық білімдерін нығайту, аңшылық шаруашылығындағы жұмыстардан практикалық білім алу, жануарларды өсіру және аңшылық шаруашылығындағы табиғат қорғау ісі, аңшылық жануарларды есепке алу, биотехника және жабайы жануарларды өсіру, аңшылық-кәсіптік құстарды өсіру, зоогеография пәндерінен алған білімдерін өндіріспен байланыстыру. Практиканы өткізу орындары – Алтын Емел мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Алатау-Маралды шаруа қожалығы және аңшылық шаруашылығы ұйымдарында.

Өндірістік практиканың мақсаты – жалпы кәсіби және білім беру бағдарлама бойынша пәндерден алған білімдерін теоретикалық және практикалық жағдайда нығайту; аңшылық жануарларды қорғау және өсімін молайту; жыртқыштармен күрес, құс ұяларының формасы арқылы қандай құсқа тиесілі екенін, жануарларды күзету; қысқы азықтандыру; қысқы азық базасын құру; ремиз жасау; қорғаныш және жем шөп алқаптарын егу және отырғызу; жемшөп дайындау; тұз және азық астауларды салу және жөндеу; жемшөп алаңдарын жинау және дайындау; нысаналар мен соқпақтарды ретке келтіру, аңшылық иттерді жаттықтыру және азықтандыру; суда жүзетін құстардың балапандарын саны мен мекендеу аймағында есепке алу; құстар бойынша жазғы аң аулауды жүргізу; аңшылық алқаптарды қорғау жөніндегі тәжірибелік білім алу.

Практиканы өткізу орны - аңшылық шаруашылықтарында, мемлекеттік ұлттық табиғи парктарда, мемлекеттік табиғи қорықтарда, «Охотзоопром» өндірістік бірлестігінде және келісім шарт бар өзге де мекемелерде.

Диплом алды практикасы.

Диплом алды практикасының мақсаты - студенттерді өндірісте кездесетін ұйымдастыру-технологиялық тапсырмаларды шешуге дайындау мен бітіруші түлекті білікті жұмыстарды орындауға үйрету.

Практиканы өткізу орны – аңшылық шаруашылығы ұйымдарында, мемлекеттік ұлттық табиғи парктарда, мемлекеттік табиғи қорықтарда, «Охотзоопром» өндірістік бірлестігінде және келісім шарт негізінде бекітілген мекемеде өткізеді.

4. I-КУРСТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУ ПРАКТИКАЛАРЫ

Аңшылықтану

Практиканың мақсаты – аңшылық шаруашылығының құрылымын, басқару және жүргізу әдістерін, аңшылық жануарлардың биологиясы мен

экологиясын, аң өсіру мен аң шаруашылығының негіздері мен перспективаларын, аңшылық шаруашылығын жүргізудің құқықтық негіздерін, аңшылық жануарлардың популяциясын зерттеу әдістерін, аңшылық шаруашылықтардағы негізгі биотехникалық іс-шараларды оқып үйрену.

Практиканың міндеті - болашақ орман шаруашылығы мамандарының аңшылықтану шаруашылығының негізгі кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру; барлық кезеңдерінде эксперимент жүргізу шеңберінде студенттердің өзіндік іздестіру-зерттеу іс-әрекеті үшін алғы шарттар жасау; ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу және жалпылау.

Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

ҚазҰАЗУ студенттеріне практиканы өткізу орны – Алматы қаласының хайуанаттар бағы.

Практиканың мазмұны

Практика оқытушының басшылығымен жүргізіліп - жануарлар мекендейтін ортадағы жабайы жануарлардың мінез-құлқының түрлері; аң аулайтын жерлердің біліктілік принциптері, аң аулайтын жерлердің классификациясының негізгі таксонометриялық бірліктері; табиғатта студенттер мен құстардың популяциялық өзгерістерін білуі керек, іздері бойынша жануардың бағыты мен жынысын; өзінің ұлттық аң аулаудың ерекшеліктерін білуі керек.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін студенттер жиналған материалдарды кафедраға ұсынады және есепті жеке қорғайды.

ДЕНДРОЛОГИЯ

Практиканың мақсаты – студенттер Қазақстан аумағында табиғи өсетін және басқа ауданнан әкеліп жерсіндірілген интродуциялық ағаш және бұта түрлерінің морфологиясын оқып үйрену аясында алған білімдерінің көлемін кеңейту және теоретикалық курсын бекіту.

Практиканың міндеті болып студенттер табиғат аясында ағаш және бұта түрлерін морфологиялық белгілерінен ғана емес сонымен қатар кез-келген мүшесі арқылы (жапырағы, гүлі, қабығы, бұтағы), бөрікбасы пішінінен және жалпы өсімдік көлемінен айыра білуі.

Практика кезінде студенттер ағаш және бұталардың жеке түрлерін ажыратып және оларды дұрыс сипаттап жаза білуі керек. Сонымен бірге өсімдіктерді дұрыс топтастырып, гербарий жасау мен гербарий материалдарын пайдаланудың ережесін үйренеді.

Практиканың ұзақтығы: 5 күн, топқа 6 сағаттан.

ҚазҰАЗУ студенттеріне практиканы өткізу орны – Ботаника және фитонтодукция институтының Бас ботаникалық бағы, Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы», Алматы қаласының бақтары мен шағын саябақтары.

Практиканың мазмұны

Практика оқытушының басшылығымен жүргізіліп жергілікті жерде экскурсия түрінде өткізіледі. Студенттер ағаш және бұталы өсімдіктер түрлері құрамының аздаған айырмашылықтарын тауып, ажырата білуге үйренеді.

Практиканың бағдарламасына жататындар:

- табиғи белдеулер мен дендрологиялық аудандардың ерекшеліктерін оқып үйрену;

- орманның негізгі элементтерімен танысу: сүрек дің, өскіндер, орман астары, тірі топырақ жамылғысы, екпе ағаштың құрамы, тығыздығы мен пішіні;

- жергілікті жерде табиғи өсетін және интродуцияланған ағаш және бұта түрлерімен танысу;

- ағаш және бұта түрлерінің гербарийін жинау және анықтау;

- өзен жағасындағы өсімдіктермен танысу.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін студенттер жиналған гербарий материалын кафедраға ұсынады және есепті жеке қорғайды.

5. 2-КУРСТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАЛАРЫ

Тернология

Тәжірибенің мақсаты – сүтқоректілерді оқып-үйренуге байланысты алған теоретикалық білімдерін тәжірибемен ұштастыру, сүтқоректілердің биологиясы мен экологиялық ерекшеліктерін оқып-үйрену.

Тәжірибенің міндеті. Тәжірибе кезінде студенттер үйренуі керек: табиғи жағдайда жануарлардың аңшылық-кәсіпшілік түрлерінің негізгі түрлерін анықтау; аңшылық-кәсіпшілік жануарлардың типтік мекендеу орындарын және олардың өсімдік және азық қорларын сауатты сипаттауға. Тәжірибеден өту барысында студенттер аңшылық-кәсіпшілік жануарлардың биологиясы мен экологиясын зерттеудің қарапайым әдістерін меңгеруі тиіс.

Тәжірибенің ұзақтығы: 5 күн, топқа 6 сағаттан.

Тәжірибенің өткізу орны: зоологиялық, ботаникалық және мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи қорықтар, әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтар.

Тәжірибенің мазмұны:

1. Сүтқоректілер класының зоологиялық жүйеленуі.

2. Жануарлардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен танысады.

3. Жануарлардың экологиялық топтарын жіктеу.

4. Жануарлардың тәжірибелік маңызы және оларды қорғау.

5. Аңшылық-кәсіпшілік жануарлардың ресурстарын реттеуге және популяциясының өнімділігін арттыруға ықпал ететін өсімін молайту және биотехникалық іс-шаралар.

6. Аңшылық-кәсіпшілік жануарлардың мекен ету ортасының биологиясы мен экологиясын зерттеу әдістері.

Тәжірибе барысында студенттер аңшылық-кәсіпшілік жануарлардың биологиясы мен экологиясы бойынша алған теориялық білімдерін бекітеді және оларды табиғатта зерттеу әдістерін меңгереді. Аңшылық және кәсіптік жануарларды және табиғи органы зерттеу кезінде студенттер құстар мен жануарлардың морфологиялық, физиологиялық және биологиялық-экологиялық ерекшеліктеріне ерекше назар аударады.

Орнитология

Тәжірибенің мақсаты – құстардың биологиялық экологиялық ерекшелігіне байланысты алған теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстырып, құстардың ерекшеліктерін оқып-үйрену.

Тәжірибенің міндеті. Тәжірибе кезінде студенттер үйренуі керек: құстардың биологиялық әртүрлілігін, олардың қаңқасының ерекшеліктерін, қауырысн жамылғысы мен бұлшық еттерін, ас қорыту органдарын, секреция, көбеюге, қан айналым мен тыныс алу, олардың миы мен сезім мүшелері мен дауыс аппараттарының құрылымын меңгереді. Тәжірибеден өту барысында студенттер аңшылық-кәсіпшілік құстардың биологиясы мен экологиясын зерттеудің қарайым әдістерін меңгеруі тиіс.

Тәжірибенің ұзақтығы: 5 күн, топқа 6 сағаттан.

Тәжірибені өткізу орны: зоологиялық, ботаникалық және мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар, әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтар.

Тәжірибенің мазмұны:

1. Құстар класының зоологиялық жүйеленуі.
2. Құстардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен танысады.
3. Құстардың экологиялық топтарын жіктеу.
4. Құстардың тәжірибелік маңызы және оларды қорғау.
5. Аңшылық-кәсіпшілік құстардың ресурстарын реттеуге және популяциясының өнімділігін арттыруға ықпал ететін өсімін молайту және биотехникалық іс-шаралар.
6. Аңшылық-кәсіпшілік құстардың мекен ету ортасының биологиясы мен экологиясын зерттеу әдістері.

Тәжірибе барысында студенттер аңшылық-кәсіпшілік құстардың биологиясы мен экологиясы бойынша алған теориялық білімдерін бекітеді және оларды табиғатта зерттеу әдістерін меңгереді. Аңшылық және кәсіптік құстарды зерттеу кезінде студенттер құстардың морфологиялық, физиологиялық және биологиялық-экологиялық ерекшеліктеріне ерекше назар аударады.

6. 3-КУРСТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАЛАРЫ

Өкү-өндірістік практиканың бағдарламасы аясында аңшылық шаруашылығы ұйымдарында, мемлекеттік ұлттық табиғи парктарда, мемлекеттік табиғи қорықтарда, «Охотзоопром» өндірістік бірлестігінде және келісім шарт негізінде бекітілген мекемелерде келесі пәндерден практикалық сабақ өткізуден тұрады: биотехника және жабайы жануарларды өсіру, жабайы жануарларды есепке алу, аң мен құс аулау техникасы, жануарлардың мінез-құлқы және тіршілік белгілерін анықтау.

Биотехника және жабайы жануарларды өсіру

Тәжірибенің мақсаты: аңшылық шаруашылығында жүргізілетін биотехникалық іс-шараларды өткізуде теориялық білімді бекіту және тәжірибелік дағдыларды алу.

Тәжірибенің міндеттері: аңшылық алқаптардың әр түрлі аңшылық жануарлар үшін қоректену, қорғалу және ұя салу дәрежесін анықтауды үйрену, сондай-ақ аңшылық алқаптардың өнімділігін арттыру үшін аңшылық шаруашылықтарында жүргізілетін негізгі биотехникалық іс-шараларды зерделеу.

Тәжірибенің ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Тәжірибені өткізу орны: әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтары, мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар қауымдар, сондай-ақ басқа да ерекше қорғалатын аумақтар.

Тәжірибенің мазмұны.

- Тәжірибеден өту кезінде студент әр түрлі өсімдік типін, әр түрлі ұсақ ландшафт топтарын бағалауы керек. Жердің қорғалуы мен ұя салуға жарамдылығын антропогендік факторды, ауа-райы жағдайларын және жыртқыштардың әсерін ескере отырып қарастырылған жөн.

- Орман және дала алқаптарында ремиздердің қажеттілігін көрсетуі керек, бірақ ремиз учаскелерін құрудың негізгі аймақтары-орманды емес аумақтар. Аймаққа (дала, орманды дала, шөл) байланысты отырғызылатын ағаш-бұта тұқымдыларының орнын, схемасын, құрамын, жем-шөп дақылдары егістерін, сондай-ақ ремиздің басқа да элементтерін көрсету.

- Су алқаптарының қорғаныш қасиеттерін жақсарту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін сипаттау және бағалау (сула жүзетін құстар үшін).

- Қолдан жасалған жасанды саятшалардың және жәшіктердің ағаш ұя салатын саятшаларының тиімділігін бағалау;

- Тұяқты жануарларды ауа-райының қолайсыздығынан қорғау үшін жасанды баспана салу қажеттілігін анықтау;

- Азық қорын бағалай отырып, алқаптардың азық сыйымдылығын жақсарту қажеттілігін сипаттау.

Тапсырмаларды орындау үшін практикадан өту кезінде студенттер 5-6 адамнан тұратын топқа біріктіріледі.

Практиканың соңында әрбір топ оқытушыға барлық істеген жұмыстарын жазып есеп өткізеді, есеп тапсыру әрбір студентке жеке-жеке жүреді.

Жабайы жануарларды есепке алу

Тәжірибенің мақсаты – студенттердің аңшылық жануарлардың санын (аң аулау объектілері болып табылатын жабайы тұяқтыларды және құстарды) есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу бойынша теориялық білімді бекіту және тәжірибелік дағдыларды алу.

Тәжірибенің міндеттері: жануардың түрін, оның жынысын және жасын, сондай-ақ іздері мен тіршілік әрекеті өнімдерінің аңшылық жануарлардың қандай да бір түрлеріне, табиғатта тиістілігін көзбен шолып анықтауды үйрену; аңшылық жануарларды нүктелерден көзбен шолып бақылау техникасын пысықтау; есепке алу маршрутының ұзындығын анықтау, санын есептеудің бастапқы құжаттарын жүргізу және тиісті жұмыстарды орындау кезінде картографиялық материалды пайдалану үшін кадам өлшегішті пайдалануды меңгеріп, есепке алу жұмыстарын жүргізу.

Тәжірибенің ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан

Тәжірибені өткізу орны: әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар, сондай-ақ басқа да ерекше қорғалатын аумақтар.

Тәжірибенің мазмұны.

- Аңшылық жануарларды есепке алу бойынша практикадан өту кезінде жабайы тұяқтылардың жынысы мен жасын анықтауды меңгерді:

- Көктемгі-жазғы аумақтағы аңшылық жануарлардың санын есептеу және анықтау

- түрлердің мекендейтін жерлерін, сынақ алаңдарын және т. Б. Анықтау;
- аңшылық алқаптардың үлгілерін, есепке алу маршруттарының абрисін, сынақ алаңдарын және т. Б. Енгізе отырып, жануардың қандай да бір түрінің санын анықтау жоспарланатын аумақтың карта-схемасын дайындау;

- жануарлардың кездесулерін және олардың індерін арнайы есепке алу картоқаларындағы айқайларды есептеу және тіркеу, ведомостарды жасау және басқа да бастапқы құжаттарды жүргізу;

- Жабайы жануарлардың мекен ету аралдары мен, сондай-ақ жануарлардың қандай да бір түрлерінің тиістілігін, олардың тобының орташа мөлшерін және оның жыныстық және жас құрамын айқындау;

- қолда бар әдістемелік материалдар мен нұсқаулықтар бойынша алынған нәтижелерді камералдық өңдеу және Сан есептері бойынша есептер жасау дағдыларын пысықтау.

Барлық жұмыстарды 5-6 адамнан құрылған бригадалар істейді. Практиканың соңында әрбір бригада істелінген барлық жұмыс түрлерінің жалпы ортақ есебін дайындайды, есепті қорғау әрбір студентке жеке-жеке жүреді.

Аңшылық алқаптардың типологиясы

Тәжірибенің мақсаты: аңшылық алқаптардың жіктелуі мен типологиясы және шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру бойынша оқып үйренуден алған теориялық білімдерін бекіту және практикалық тұрғыда істеп көру.

Тәжірибе міндеттері: тәжірибе келесі міндеттерді игеруді қарастырады: аумақтың ландшафтық бөлінісімен танысу; суда тіршілік ететін мекендердің сипаттамасы; жануарлар станциясының күнірт, ұя салатын және қорғаныс қасиеттерін бағалау; жануарлардың негізгі түрлерінің тіршілік ету ортасын дәрежелі; аңшылық алқаптардың түрлерін анықтау аңшылық басқармасы құжаттарымен және материалдарымен танысу.

Тәжірибенің ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан

Тәжірибені өткізу орны: әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар қауымалар, сондай-ақ басқа да ерекше қорғалатын аумақтар.

Тәжірибенің мазмұны. Практиканың бағдарламасы келесі жұмыстарды қамтиды:

- аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру жобасымен және жүргізу;
- шаруашылықтың аңшылық алқаптарын таксациялық сипаттаумен аң аулау;

- аңшылық алқаптардың негізгі түрлерінің геоботаникалық және аңшылық шаруашылық сипаттамасымен;

- аңшылық жануарлардың негізгі түрлері бойынша түрлік бонитеттердің экспликациясы және орташа түрлік бонитеттердің есептері;

- аңшылық жануарлардың 5 түрі бойынша түрлік бонитет жоспарлары;
- 10 жылдық кезеңге арналған биотехникалық және аңшылық шаруашылық іс-шараларының жобасымен.

- мекендеу жағдайларын сипаттау кезінде аңшылық жануарлардың негізгі түрлері үшін мекендеу орындарының басым түрлерінің азықтық қасиеттері

- су алқаптарының түрлерін сипаттау кезінде су айдынының жоспары және жағалаулардың бедері, жағалау өсімдіктері, су өсімдіктері бейнеленген, оның таралу аймағы

Жұмысты 5-6 адамнан тұратын топ орындайды. Әрбір топқа жер учаскесі бекітіледі. Тіршілік ету ортасының далалық сипаттамасы ұсынылған схемаға сәйкес жүзеге асырылады.

Практиканың соңында әрбір бригада атқарылған далалық және камералдық өңделген жұмыстарды бір папкаға реттеп тігіп оқытушыға өткізеді. Есеп тапсыру әрбір студентке жеке-жеке жүреді.

Жануарлардың мінез-құлқы және тіршілік белгілерін анықтау

Тәжірибенің мақсаты: мекемеде жануарлардың мінез-құлқы және тіршілік белгілерін анықтау бойынша оқып үйренуден алған теориялық білімдерін бекіту және практикалық тұрғыда істеп көру.

Тәжірибе міндеттері: тәжірибеде келесі міндеттерді игеруді қарастырады: жануарлардың мінез-құлқысының жіктелуі мен эволюциясы, репродуктивті мінез құлқы, биологиялық бейімділік, жынысты көбеюдің жыныссыз көбеюден артықшылығы, жынысты көбеюдің толық циклінің фазалары, әлеуметтік мінез құлқының жіктелуі, әлеуметтік құрылымдардағы жануарлардың мінез құлқылар мен ара қатынастары, жеке тұлғалар арасындағы мінез құлқыға анализ беру, ольфакторлық мінез құлқын жан жақты меңгеру.

Тәжірибенің ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан

Тәжірибені өткізу орны: әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтары, мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар қауымдар, сондай-ақ басқа да ерекше қорғалатын аумақтар.

Тәжірибенің мазмұны. Практиканың бағдарламасы келесі жұмыстарды қамтиды:

- жануарлардың әлеуметтік мінез құлқын бақылау;
- құстардың, сүтқоректілердің әлеуметтік мінез құлқын сипаттау;
- қоректенудегі мінез құлқы, жануарлардың қоректену түрлері;
- жануарлардың қорғаныстағы мінез құлқын;
- қақпанға түскен, тас жол, темір жол, су көлігімен қуғынға ұшыраған аңдарға тән мінез құлқы;
- жануарлардың мінез құлқысын басқарудағы қолданылатын негізгі тәсілдер: активті және пассивті.
- жабайы аңдар жынысының қалыптасуы, үйір, туыс, топтардың қалыптасу негіздері
- жануарлардың жабайы табиғат жағдайда қоршаған ортаға бейімделуі арқасында тіршілік етуі: локомоция, қоректену, жылу алмасу, баспана табу, жыртқыштардан қорғану, ұйқы, денесін тазалықта ұстау, зәр шығару, биологиялық ритм және т.б.

Жұмысты 5-6 адамнан тұратын топ орындайды. Әрбір топқа жер учаскесі бекітіледі. Тіршілік ету ортасының далалық сипаттамасы ұсынылған схемаға сәйкес жүзеге асырылады.

Практиканың соңында әрбір топ жұмыстарды бір папкаға реттеп тігіп оқытушыға өткізеді. Есеп тапсыру әрбір студентке жеке жеке жүреді.

7. 4-КУРСТА ӨТЕТІН ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ДИПЛОМ АЛДЫ ПРАКТИКАЛАРЫ

Практиканың мақсаты – студенттер алған білімдерін бекітіп, орман шаруашылығы өндірісінде атқарылатын іс-шаралармен танысады, өндірісті

басқару мен іс жүзінде атқарылатын жұмыстарға қатысады; бекітілген дипломдық жұмыс тақырыбында нақты материалдар жинау; алынған нәтижелер мен ұсыныстарды қосымша апробациядан өткізу, оларды өндірісте пайдалану.

Практиканың ұзақтығы: 8 апта.

Практиканы өткізу орны: әртүрлі меншік нысанындағы аңшылық шаруашылықтары, мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, мемлекеттік табиғи қорықтар қауымдар, сондай-ақ басқа да ерекше қорғалатын аумақтар

ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАЛАР

Өндірістік практикадан өту кезінде студенттер келесі бөлімдермен танысу, оқып-үйрену, болжау және жұмыстарға қатысу керек:
Практиканың ұзақтығы: 10 күн, топқа 6 сағаттан.

Аңшылық шаруашылығын қазіргі кезде жүргізу

Танысу керек: Қазіргі заманғы аңшылық шаруашылығын жүргізу ерекшеліктерін, аңшылық шаруашылықтың даму заңдылығын, аңшылық шаруашылық өндірісіндегі экономикалық заңдарын, аңшылық шаруашылығының жабықталуын, негізгі және айналымды қорларын, еңбекті ұйымдастыру және мөлшерлеуді, еңбек өнімділігін арттыруды, негізгі және тауарлық өнімдерді, аңшылық шаруашылығының рентабельділігі және мамандануы, шаруашылықтың ішкі жоспарлануы, шаруашылық қызметін талдау, аңшылық шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын ұйымдастыруды оқып-үйреніп және болжау жасау керек.

Қатысу керек: аңшылық шаруашылығын қазіргі кезде жүргізу ерекшеліктерін, құжаттарын толтыруды, жануарларды қорғау және шаруашылықтың ішкі жоспарлануы, шаруашылық қызметін талдау шаралардың атқарылуын.

Аңшылық шаруашылығының экономикасы

Танысу керек: Аңшылық шаруашылығының жабықталуы, негізгі және айналымды қорлар, еңбекті ұйымдастыру және мөлшерлеу, еңбек өнімділігін арттыру, негізгі және тауарлық өнімдер, аңшылық шаруашылығының рентабельділігі және мамандануы, шаруашылықтың ішкі жоспарлануы, шаруашылық қызметін талдау, аңшылық шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны.

Кәсіпорынның, ұйымның ұйымдық-құқықтық нысаны (орналасқан жері, құрылған уақыты, заңды негізі, меншік нысаны, қаржыландыру нысаны, жарғының мазмұны, лауазымы). Кәсіпорынның, ұйымның ұйымдық құрылымы. Өндірісті мамандандыру (кәсіпорын үшін). Өндірістік потенциалдың жай-күйі және қолданылуы (ресурстардың негізгі түрлері үшін: табиғи, материалдық-техникалық, еңбек, қаржылық). Соңғы 5 жылдағы негізгі

көрсеткіштердің динамикасы. Негізгі өндірістік процестерді ұйымдастырудың ерекшеліктері. Кәсіпорынның (ұйымның) даму перспективалары.

Қатысу керек: Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардағы жануарлар әлемін (балық және өзге де су жануарларыннан басқа) қорғау, өсіру және пайдалану, өсімдік және жануарлар әлемін пайдалану және сақтау, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорық қорлары объектілерінің биологиялық тепе-теңдігін сақтау, орман шаруашылығы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету саласындағы қызметтерді жүзеге асыру.

Аңшылық шаруашылығындағы экологиялық сараптама

Танысу керек: Экологиялық сараптамаға байланысты аңшылық шаруашылығының экологиялық жағдайы анықталып, тиісті жұмыстар жүргізуге жол ашылады; аң аулау өнімдері жануарлардың терілері (мамық жүнді тері, тері шикізаты, құстардың терісі), олардың еті, майы, қауырсыны мен мамығы, бұғы мүйізі, жұпары, өті, бас сүйектері, мүйіздері (табиғи жолмен тасталған немесе мерт болған жануарлардан басқа), азу тістері және жануарлар денесінің басқа да бөліктері, құстар мен бауырымен жорғалаушылардың жұмыртқалары, сондай-ақ басқада аңдардан алынатын өнімдерді түрлі жолдармен өңдеу технологиясын меңгеру.

Қатысу керек: Аңшылық шаруашылығында экологиялық сараптама жүргізуге; аңшылық шаруашылығы тауарлардың сапасын анықтау тәсілдері, сараптау, тіркеу, есептеу тәсілдерін білу, әр түрлі шикізатты стандарттарға сәйкес тауарлық қасиеттерін анықтау принциптері мен әдістерін білу керек.

Аң шаруашылығын құру және таксациялық жұмыстар

Танысу керек: аңшылық алқаптарын жіктеуді, аңшылық алқаптарының экологиялық қасиеттері, аңшылық алқаптарын бағалау, аңшылық алқаптарын есепке алу, аңшылық алқаптарын экономикалық бағалау, аңшылық алқаптардың қорғаныстық және ұя-ін жасауға жарамдылық жағдайлары, аңшылық алқаптардың қорғаныстық және ұялық жағдайлары, аңшылық алқаптарының динамикасын жан жақты білу.

Қатысу керек: аңшылық шаруашылығының өткізу қабілетін анықтауда, әртүрлі географиялық аймақтардағы типтер мен тип тармақтарын сауатты анықтауда, аңшылық шаруашылығының жұмыстарының мәліметтерін талдай алу керек.

8. ДИПЛОМ АЛДЫ ПРАКТИКА

Практиканың негізгі міндеті: арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқыған пәндерден алған теориялық білімдерін бекіту және

кеңейту; өндірістік және ғылыми эксперименталды сұрақтарды шешу үшін практикалық жетістіктерді пайдалану; өзіндік және шығармашылық инициативаларды дамыту; дипломдық жұмыс тақырыбындағы далалық материалдарды жинау.

Практиканың ұзақтығы: 20 күн, топқа 6 сағаттан.

Практикаға барар алдында студент дипломдық жоба жетекшісінен міндетті түрде тапсырмалар алу керек, онда тақырыпқа сәйкес далалық материалдарды жинау әдістемесі келтірілуі керек.

Студент практикadan университетке келген бойда жинаған далалық материалдарын жетекшісіне міндетті түрде көрсетіп, таныстыру керек. Соған сәйкес өндірістік практика есебін толтыру керек. Диплом алды жұмыста далалық зерттеу жұмыстарының суреттері мен қосымша материалдар келтіріледі.

Мониторинг

1. Практика барысында кафедралардан және өндірістен келген практика жетекшілері білім алушыларға қажетті әдістемелік көмек көрсетеді және практикadan өту үдерісінің мерзімдері мен мазмұнын сақтау бөлігінде мониторингті жүзеге асырады.

2. Практика жетекшісі сондай-ақ практика базасында машыктанушының қалыпты еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуге, олармен қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамалардың өткізілуіне, машыктанушылардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады.

3. Білім алушылардың практикadan өтуі бойынша жазбаларды практикант практика күнделігінде жеке жүргізеді. Қажет болған жағдайда практика жетекшісі практика күнделігін қарап, ол туралы өз қолын қояды.

4. Практикadan өтуден қосымша құндылық мыналар болуы мүмкін:
- білім алушы практикadan өткен ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жақсарту;

- білім алушылардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін анықтау;

- түлектердің білімі мен дағдыларына қойылатын талаптарды нақтылау;
- кәсіби тәжірибе қорытындысы бойынша арнайы конференция өткізу.

5. Практика нәтижелері кафедрада талланып, талқылануы тиіс. Талдау нәтижелері бойынша практика қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді, оларды практика және жұмысқа орналастыру бөлімінің назарына жеткізу қажет.

6. Жақсарту бойынша шешімдер қабылдау.

Қосымшалар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«СУ, ЖЕР ЖӘНЕ ОРМАН РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ

«ОРМАН РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

**ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫҢ
ЕСЕБІ**

Орындаған:

Жетекшісі:

Алматы, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«СУ, ЖЕР ЖӘНЕ ОРМАН РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ

«ОРМАН РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

КҮНДЕЛІК

ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ДИПЛОМ АЛДЫ ПРАКТИКАСЫ

СТУДЕНТ _____

КУРСЫ, ТОБЫ

ФАКУЛЬТЕТИ – Су, жер және орман ресурстары

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – 6B08301 – Аңшылықтану және аң шаруашылығы

І. Жолсапар куәлігі

Г. Жолсапар куәлігі

**П. ПРАКТИКА КЕЗІНДЕ АТҚАРҒАН
ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖАЗБАСЫ**

[illegible]

III. СТУДЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(оның теориялық дайындығының деңгейі көрсетіледі, атқарылған жұмыстың сапасы, жұмыс тәртібі және оның кемшілігі, егер ол бар болса)

IV. ЕСЕПКЕ КАФЕДРАНЫҢ ҚОЙҒАН БАҒАСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАДАН ӨТКЕН СТУДЕНТТІ БАҒАЛАУ

(Есептің артықшылықтары мен кемшілігіне қысқаша сын-пікір беріледі, бағалау 100-баллдық жүйемен қойылады).

Есепте сонымен қатар келесі сұрақтар қарастырылуы керек:
Студенттер практикадан өту кезіндегі жинаған материалдарының тізімі.

Практика соңындағы студенттің жазған қорытындысы мен талдауы және оны жақсартуға ұсыныстар

ЖАЗБА ҮШІН

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кентбаева Б.А. Методология научных исследований // учебник / КазНАУ.- Алматы: Нур-Принт, 2014.- 209 с.
2. Байзақов С.Б., Медведев А.Н., Исаков С.И. Лесные культуры в Казахстане // в 2 кн. Кн.1. Лесное семенное дело, лесные питомники.- Алматы: Агроуниверситет, 2010.- 334 с.
3. Байзақов С.Б., Медведев А.Н., Исаков С.И. Лесные культуры в Казахстане // В 2 книгах. Кн.2. Лесные культуры, лесные мелiorации. - Алматы: Агроуниверситет, 2010.- 294 с.
4. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А. Деревья и кустарники Казахстана для лесовыращивания, с грифом МОН РК. -Алматы, 2008.2011. - 342с.
5. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А., Каспақбаев Е.М. Қазақстан еңке ормандарын өсіру ағаштары мен бұталары / оқулық / ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 357 б.
6. Кентбаева Б.А. Орман тұқым ісі // оқу құралы, ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2020.- 184 б.
7. Кентбаева Б.А. Лесосеменное дело // учеб. пособие. - Алматы: Нур-Принт, 2015.- 124 с.
8. Абасва К.Т. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқару / оқулық / ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: ҚазҰАУ, 2012.- 267 б.
9. Бессетенов В.П., Кентбаев Е.Ж., Бессетенова Н.Н., Кентбаева Б.А. Лесная селекция // учебник, КазНАУ - Алматы: Нур-Принт, 2015.- 358 с.
10. Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А., Орман тұқым ісі пәнінің студентке арналған оқу-әдістемелік кешені // 6В08302-Орман ресурстары және орман шаруашылығы маман. ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар. 2017.- 115 б.
11. Игенбаев К.Б., Абасва К.Т., Каспақбаев Е.М. Сүректі келтіру және сақтау технологиясы / оқу құралы.- Алматы: ҚазҰАУ, 2012.- 199 б.
12. Абасва К.Т., Сағаулинова М.Ш., Управление природными ресурсами Казахстана / МОН РК.- Алматы: 2012.- 170 с.
13. Кентбаева Б.А. Методология научных исследований // учебник / КазНАУ.- Алматы: Нур-Принт, 2014.- 209 с.
14. Шоманов Ж.Ш. Орманды аэроғарыштан суретке түсіру және ұшақты қолдану // оқу құралы / Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы: Айтұмар, 2013.- 196 б.
15. Сәрсекова Д.Н., Каспақбаев Е.М. Орманшылық // оқулық Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті. - Алматы: Айтұмар, 2013.- 150 б.

6В08301-«Аңшылық және аң шаруашылығы»
білім беру бағдарламасының оқу,
өндірістік және диплом алды кәсіби практикасының
Бағдарламасы

Басуға 24. 01. 2021 ж. қол қойылды. Қалпы 60x84 1/16.
Көлемі 1,5 б.т. Тапсырысы № . Тарапқы 50.
Алматы қ., Абай даңғылы, 8. «Айтұмар» баспасы.